

## Украинаның Премьер-Министрі В.Ф. Януковичтің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 13 желтоқсандағы N 356-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Украинаның Премьер-Министрі Виктор Федорович Януковичтің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) 2006 жылғы 13-14 желтоқсанда Астана қаласында дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:  
қосымшаға сәйкес Украина делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

сапарды өткізуге арналған 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Украина делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т е р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Украинаның Премьер-Министрі В.Ф. Януковичтің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтің атынан түскі ас кезінде

концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

6. Астана қаласының әкімі Украина делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, баратын орындарында бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Украинаның Премьер-Министрі В.Ф. Януковичтің Астана қаласындағы "Отан қорғаушылар" монументіне гүл қою салтанатты рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 3 5 6 - ө ө к і м і н е

қосымша

**Украина делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Украина делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне 1+5 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Украина делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар с а т ы п а л у .

5. Украина делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Іс-шаралар өткізілетін жерлерде гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К. Ахметовтің атынан Украинаның Премьер-Министрі В.Ф. Януковичтің құрметіне Астана қаласында түскі а с ұ й ы м д а с т ы р у .

8. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.